

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 516-IV Заңы

1-бап. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасындағы нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт.»;

2) 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Нотариаттық қызмет – бұл нотариустың осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы .

Осы Заңда белгіленген жағдайларда және шектерде жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді арнайы уәкілетті лауазымды адамдар жасай алады.

Қазақстан Республикасындағы нотариаттық қызмет нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығы, тәуелсіздігі, құпиялылығы қағидаттарына негізделеді.

Нотариаттық қызмет кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Нотариаттық іс-әрекеттердің құпиялылығын сақтауға міндеттілік нотариустың тағылымдамадан өтушілері мен көмекшілеріне қолданылады.»;

3) 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

«келісу арқылы» деген сөздерден кейін «Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен» деген сөздермен толықтырылсын;

«нұсқаулыққа», «Нұсқаулық» деген сөздер тиісінше «қағидаға», «Қағида» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «Нұсқаулық» деген сөз «Қағида» деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, нотариуста кемінде бір жыл мерзіммен тағылымдамадан, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызмет атқаратын әкімшілік мемлекеттік қызметші мемлекеттік нотариус б о л ы п т а б ы л а д ы .

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуды қоспағанда, мемлекеттік нотариусқа осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптар қ о л д а н ы л а д ы .

Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған, белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам нотариус бола алмайды.

Өзіне қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған, лицензиясынан айырылғандықтан не нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жол бергені үшін мемлекеттік нотариус қызметінен босатылғандықтан нотариаттық қызметті тоқтатқан адам да осындай оқиға болғаннан кейін бес жыл бойы нотариус бола алмайды.»;

3-тармақ «осы Заңның» деген сөздердің алдынан «мемлекеттік нотариусты және» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Аумақтық әділет органы мемлекеттік нотариустың нотариаттық іс-әрекеттері үшін мүліктік жауапкершілікте болады.»;

5) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Нотариустың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері

1. Нотариустың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері болуы мүмкін.
2. Қазақстан Республикасының азаматы ғана нотариустың көмекшісі бола алады.
3. Нотариустың көмекшісі жеке практикамен айналысатын нотариуста еңбек шартының негізінде жұмыс істей алады немесе мемлекеттік нотариат кеңсесінің құ р а м ы н д а б о л а а л а д ы .

4. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары нотариустың тағылымдамадан өтушілері бола алады.

Тағылымдамадан өтушілер тағылымдамадан өту туралы шарт негізінде жеке практикамен айналысатын нотариустарда немесе мемлекеттік нотариустарда т а ғ ы л ы м д а м а д а н ө т е д і .

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам аумақтық әділет

органымен немесе аумақтық нотариаттық палатамен тағылымдамадан өту туралы шарт ж а с а с а д ы .

5. Көмекші мен тағылымдамадан өтуші нотариустың нұсқауымен және жауапкершілігімен оның нотариаттық қызметті алмастыруға тиісті емес және нотариаттық іс жүргізу бойынша көмекші сипатта болуы мүмкін тапсырмаларын о р ы н д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

6. Заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл өтілі бар адамдар үшін аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен тағылымдаманың мерзімі қысқартылуы мүмкін. Тағылымдаманың ұзақтығы үш айдан кем болмауы керек .

7. Тағылымдамадан өтушінің нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы және нотариустың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі кәсіби білім мен практикалық дағдыларды алуы тағылымдамадан өтудің мақсаты болып табылады.

8. Бір нотариустан бір мезгілде екеуден аспайтын тағылымдамадан өтуші т а ғ ы л ы м д а м а д а н ө т е а л а д ы .

9. Тағылымдамадан өту Республикалық нотариаттық палатамен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілетін тағылымдамадан өтушілерді кәсіптік даярлаудың бірыңғай бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Тағылымдамадан өтушілерді кәсіптік даярлау бағдарламасы барлық тағылымдамадан өтушілер үшін міндетті болып табылады және нотариустың кәсіби және этикалық мінез-құлық нормаларын зерделеуді, нотариустар немесе тағылымдамадан өтушілер үшін арнайы ұйымдастырылатын семинар сабақтарына қатысуды қоса алғанда, тағылымдамадан өтушінің арнайы теориялық білімдер, нотариаттық іс-әрекеттерді жасау және нотариустың жұмысын ұйымдастыру жөнінде практикалық дағдыларды алуына бағытталған іс-шаралар тізбесін қамтуға тиіс.

Тағылымдама мерзімін қысқарту тағылымдамадан өтушіні тағылымдамадан өту бағдарламасын меңгеру міндетінен босатпайды.

10. Тағылымдамадан өту аяқталған соң нотариус тағылымдамадан өтушінің кәсіптік даярлау бағдарламасын орындағанын көрсететін қорытынды дайындайды, ол он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен бекітіледі. Тағылымдамадан өтушілерді кәсіптік даярлау бағдарламасын тағылымдамадан өтуші толық меңгермеген жағдайда оған қосымша уақыт беріледі.

11. Тағылымдамадан өтушілерді кәсіптік даярлау бағдарламасын толық меңгеру тағылымдамадан өтудің міндетті талабы болып табылады.

12. Теріс себептермен атқарып жүрген қызметінен босатылғандарды қоспағанда, осы баптың талаптары мемлекеттік нотариустың жұмыс өтілі бар адамдарға қолданылмайды.»;

б) мынадай мазмұндағы 7-1 және 7-2-баптармен толықтырылсын:

«7-1-бап. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы

1. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдарында құрылатын нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссияларында аттестаттаудан өтеді.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы жеті мүшеден – нотариаттық палатаның төрағасын қоса алғанда екі нотариустан, аумақтық әділет органының екі өкілінен, құқықтанушы-ғалымнан және мәслихаттың екі депутатынан тұрады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссияларының дербес құрамы және олардың жұмыс регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі.

2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясының негізгі міндеттері:

1) нотариаттық қызметпен айналысуға лицензия алуға үміткерлерді сапалы іріктеуді қамтамасыз ету;

2) отырыстардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясының отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы.

4. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы отырысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында аудиожазба және (немесе) бейнежазба не стенографиялау жүзеге асырылады. Отырыс барысында алынған стенограмма, аудиожазба және (немесе) бейнежазба отырыстың хаттамасына тігіледі және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясының материалдарымен бірге сақталады.

7-2-бап. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары

1. Тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидалармен айқындалады.

2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарын қоса тіркей отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы оны аттестаттауға жіберу туралы өтінішін тұрғылықты жері бойынша тиісті нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясына жолдайды.

3. Құжаттар тиісінше ресімделмеген не олардың толық топтамасы табыс етілмеген жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдары қайтару себебі туралы жазбаша хабарламамен ол түскен

күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде үміткерге өзі ұсынған құжаттарымен бірге өтінішті қарамастан қайтарады.

4. Егер үміткер осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тартылған жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдары өтініш түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей дәлелді шешімді үміткерге жібереді.

Аттестаттауға жіберуден бас тартуға заңда белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5. Аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы оны өткізгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдары жазбаша хабардар етеді.

6. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы аттестаттауды қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізеді.

7. Аттестаттау мынадай екі кезеңнен тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуден компьютерлік тест тапсыру;
- 2) емтихан билеттері бойынша ауызша тапсырманы орындау.

8. Үміткер өз таңдауы бойынша тестілеуден қазақ немесе орыс тілінде өтуге құқылы.

Тестілеу компьютер техникасын пайдалана отырып өткізіледі.

9. Аттестаттау нәтижесі бойынша нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы аттестатталғаны туралы не аттестатталмағаны туралы дәлелді шешімді аттестаттау өткен күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей шығарады.

Аттестатталғаны туралы комиссия шешімі ол шығарылған кезден бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады.

Әділет аттестаттау комиссиясының шешіміне заңда белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

10. Аттестаттаудан өту кезінде үміткердің анықтамалық, арнаулы және басқа да әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануына жол берілмейді.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы үміткерді аттестаттаудан шеттетеді.

Аттестаттаудан шеттетілген үміткер нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы шешім шығарған күннен бастап үш ай өткен соң осы Заңда көзделген тәртіппен аттестаттауға жіберу туралы қайта өтініш беруге құқылы.

11. Дәлелді себеппен аттестаттауға келмеген үміткер осы баптың 5-тармағында көзделген тәртіппен нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау

комиссиясының келесі отырысына шақырылады.

Үміткер тағы да келмей қалған жағдайда оның өтініші қараусыз қалдырылады және оның тапсырған құжаттарымен қоса қайтарылады.»;

7) 8-баптың 6-1-тармағы алып тасталсын;

8) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтағы «, сондай-ақ салық қызметінің» деген сөздер алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацындағы «тоқтатыла тұруы мүмкін» деген сөздер «тоқтатыла тұрады» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшасындағы «, сондай-ақ оның үй-жайының орналасқан орны өзгергені» деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) нотариус мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соққан нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанда;»;

мынадай мазмұндағы 6), 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) әділет органдарында есептік тіркеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша нотариустың нақты үй-жайы болмағанда;

7) нотариус осы Заңның 15-бабы 4-тармағының талаптарын сақтамағанда;

8) осы Заңның 19-бабында көзделген шектеулер сақталмағанда;

9) егер нотариусты есептік тіркеуге қойған күннен бастап үш ай өткен соң нотариус практикалық нотариаттық қызметіне кіріспегенде тоқтатыла тұрады.»;

3-тармақ «лицензиар» деген сөзден кейін «үш күн мерзімде» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған нотариустың іс жүргізуінде жатқан құжаттарын Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидада көзделген тәртіппен басқа нотариусқа беру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.»;

9) 1 1 - б а п т а :

бірінші абзацындағы «Әділет аттестаттау комиссиясының не прокуратура» деген сөздер «Прокуратура» деген сөзбен ауыстырылсын;

7) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) нотариус кәсіптік қызметін аумақтық әділет органдарында тиісті есептік тіркелусіз жүзеге асырғанда нотариус лицензиясы кері қайтарылып алынады.»;

10) 13-бап алып тасталсын;

1 1) 1 5 - б а п т а :

4 - т а р м а қ т а :

«жарамды» деген сөзден кейін «бір» деген сөзбен толықтырылсын;
«азаматтар» деген сөз «жеке тұлғалар» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:
«Нотариустың үй-жайы оның есептік тіркелген орны болып табылады.

Нотариустың үй-жайының орналасқан жері оған белгіленіп берілген аумақ шегінде өзгерген кезде қайтадан есептік тіркелу талап етілмейді. Аумақтық әділет органы нотариустың үй-жайының орналасқан жерін оған белгіленіп берілген аумақ шегінде өзгерту туралы оның өтініші келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы үй-жайдың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Олар осы баптың 4-тармағының талаптарын сақтаған жағдайда бір үй-жайда бір немесе бірнеше нотариус жұмыс істей алады.»;

12) 17-баптың 6) тармақшасындағы «, соның ішінде жалдау шарты бойынша айналысуға» деген сөздер алып тасталсын;

13) 18-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы «беруге міндетті.» деген сөздер « беруге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) өз лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидада көзделген тәртіппен іс жүргізуіндегі құжаттарды басқа нотариусқа беруге;

8) өз лицензиясының қолданылуы осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 1), 2), 4), 4-1) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайларда, сақтауындағы барлық нотариаттық құжаттарды жекеше нотариаттық мұрағатқа беруге;

9) өз тегінің, атының, әкесінің атының және өз үй-жайы орналасқан жерінің өзгеруі жөніндегі мәліметтерді бір ай ішінде аумақтық әділет органына ұсынуға міндетті.»;

14) 19 - бапта :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы «орындауға құқығы жоқ.» деген сөздер « орындауға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4), 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«4) жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай өз міндеттерін орындауға;

5) нотариустың жеке мөрін оның лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңге аумақтық әділет органына тапсыруын қоспағанда, факсимилені пайдалануға және жеке мөрін басқа адамға беруге;

6) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, есептік тіркеу орнынан тыс жерде қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.»;

2-тармақтағы «Жеке» деген сөз «Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, жеке» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 21-баптың 2 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жекеше нотариустың нотариаттық округ шегіндегі қызмет ету аумағын аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесе отырып белгілейді.

Нотариус үй-жайын өзіне белгіленіп берілген аумақтың шегінен тыс жерде орналастыруға құқылы емес.

Нотариустың үй-жайына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық нотариаттық палатаның ұсынысы бойынша белгілейді.

Аумақтық әділет органы халыққа мемлекеттік және жекеше нотариустардың қызмет ету аумағы туралы үнемі хабарлап отырады.»;

«5. Нотариаттық іс-әрекеттер мемлекеттік нотариат кеңсесінің үй-жайынан тыс және жекеше нотариустың үй-жайынан тыс жерлерде жасалуы мүмкін.

Көшпелі нотариаттық іс-әрекеттер мүдделі адамның өтініші негізінде нақты адамға қатысты жасалады және тұрақты сипатта болмайды.

Егер нотариаттық іс-әрекет мемлекеттік нотариат кеңсесінің үй-жайынан тыс немесе жекеше нотариустың үй-жайынан тыс жерлерде жасалса, онда құжаттың куәландыру жазбасында және нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімінде оның мекенжайы мен уақыты көрсетіліп, нотариаттық іс-әрекеттің жасалған орны жазылады.»;

16) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

«21-1-бап. Нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз санын айқындау критерийлері

1. Нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз санын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі аумақтық әділет органының аумақтық нотариаттық палатамен бірлесіп берген ұсынымы бойынша мынадай критерийлерге:

1) нотариаттық округтегі халықтың саны мен тығыздығына;
2) өңірдің экономикалық дамуына, географиялық орналасуына, инфрақұрылымы мен басқа да ерекшеліктерінің болуына сүйене отырып бекітеді.

2. Бос орын пайда болған және ол екі айдың ішінде жекеше нотариустармен толықтырылмаған кезде аумақтық әділет органы тиісті нотариаттық округте штат санының шегінде мемлекеттік нотариус бірлігін енгізуге құқылы.

3. Егер кейіннен көрсетілген бос орынға жекеше нотариус орналасқан жағдайда, аумақтық әділет органы бір ай ішінде мемлекеттік нотариус бірлігін қысқартуға м і н д е т т і .

Бұл ретте аумақтық әділет органы:

1) жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын тексеру және мемлекеттік нотариустың анықталған бұзушылықтарды жоюы;

2) мемлекеттік нотариустың іс жүргізуінде жатқан құжаттарды жекеше нотариусқа

қ а б ы л д а п

а л у - т а п с ы р у ;

3) мемлекеттік нотариустың мөрін алып қою және жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.»;

17) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Нотариустың жеке мөрі, мөртабандары мен бланкілері

1. Нотариустың өзінің тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариустың мөрі) не нотариус лицензиясының нөмірі мен берілген күні көрсетілген (жекеше нотариустың мөрі) жеке мөрі, куәландыру жазбаларының мөртабандары мен жеке бланкілері болады.

Мемлекеттік нотариустың жеке мөрінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі орналастырылады.

2. Нотариустардың жеке мөрінің бедерлері мен қолының үлгілері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде, аумақтық әділет органында, сондай-ақ нотариаттық палатада сақталады.

3. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін жеке мөрге тапсырысты және оны нотариустарға беруді жүзеге асыруды аумақтық әділет органы жүргізеді.

Жекеше нотариустың жеке мөрін дайындау – оның өз қаражаты есебінен, ал мемлекеттік нотариустерге бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.»;

1 8) 2 6 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Республикалық нотариаттық палата аумақтық нотариаттық палаталарды біріктіретін, коммерциялық емес кәсіптік өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Осы Заңның 6-бабының талаптарына адамның сәйкес келмеген жағдайларынан басқа, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар адамды нотариаттық палатаға мүше етуден бас тартуға болмайды.

Нотариаттық палаталардың кіру жарнасын алуына жол берілмейді.»;

19) мынадай мазмұндағы 26-1 және 26-2-баптармен толықтырылсын:

«26-1-бап. Нотариаттық палатаның басқару органдары

1. Нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы нотариаттық палатаның жоғары басқару органы болып табылады.

Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне:

1) нотариаттық палатаның жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу ;

2) нотариаттық палата төрағасын, басқарманың және тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау ;

3) нотариаттық палата қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

4) нотариаттық палатаның бюджетін бекіту жатады.

Нотариаттық палатаның жарғысында шешімдер қабылдау бойынша жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

2. Нотариаттық палатаға басшылықты нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысында сайланған нотариаттық палатаның басқармасы мен төрағасы жүзеге асырады. Нотариаттық палата мүшелері жалпы жиналысының, нотариаттық палата басқармасының және нотариаттық палата төрағасының құзыреті нотариаттық палатаның жарғысымен регламенттеледі.

3. Басқарма мүшелері төрт жыл мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

4. Құрамына кемінде бес адам кіретін басқарма нотариаттық палатаның басқару органы болып табылады.

5. Нотариаттық палата мүшелерінің жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ нотариаттық палатаның төрағасы мен басқару органдарының өкілеттіктері нотариаттық палатаның жарғысында айқындалады.

26-2-бап. Нотариаттық палатаның төрағасы

1. Нотариаттық палатаның төрағасы болып оны сайлаған күнге дейін тікелей кемінде бес жыл нотариаттық палатаның мүшесі болған нотариус сайланады.

Нотариаттық палатаның төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

2. Нотариаттық палатаның төрағасы:

1) нотариаттық палатаның жұмысын ұйымдастырады, нотариаттық палатаға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) нотариаттық палатаның жұмысына басшылық жасайды, нотариаттық палатаның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдарда нотариаттық палатаның мүддесін білдіреді;

4) нотариаттық палата жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

20) 27-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың тағылымдамадан өтуін және жекеше нотариустарды оқытуды ұйымдастырады.»;

21) 29-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Республикалық нотариаттық палатаның төрағасы болып оны сайлаған күнге дейін тікелей кемінде бес жыл нотариаттық палатаның мүшесі болған нотариус сайланады.

Республикалық нотариаттық палатаның төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Республикалық нотариаттық палатаның төрағасын сайлау тәртібі және оның өкілеттіктері осы Заңда және Республикалық нотариаттық палатаның жарғысында айқындалады.»;

22) мынадай мазмұндағы 30-1-баппен толықтырылсын:

«30-1-бап. Жекеше нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтер көрсетуге ақы төлеу

1. Жекеше нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде техникалық және құқықтық сипаттағы қосымша қызметтер көрсеткені үшін осы бапта көзделген мөлшерде мынадай төлемақы алады:

1) қалалық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырған кезде:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 7 айлық есептік көрсеткіш; балаларына, жұбайына, ата-аналарына, туған аға-інілері мен апа-қарындастарына, сіңлілеріне, немерелеріне – 2 айлық есептік көрсеткіш; басқа адамдарға – 5 айлық есептік көрсеткіш;

егер мәміле жылжымайтын мүлікті ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша алынған қаражат есебінен сатып алу мақсатында жасалатын болса – 2 айлық есептік көрсеткіш;

2) ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырған кезде:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 2 айлық есептік көрсеткіш; балаларына, жұбайына, ата-аналарына, туған аға-інілері мен апа-қарындастарына, сіңлілеріне, немерелеріне – 1 айлық есептік көрсеткіш; басқа адамдарға – 2 айлық есептік көрсеткіш;

3) автотокөлік құралдарын иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырған кезде:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 5 айлық есептік көрсеткіш; балаларына, жұбайына, ата-аналарына, туған аға-інілері мен апа-қарындастарына, сіңлілеріне, немерелеріне – 2 айлық есептік көрсеткіш; басқа адамдарға – 5 айлық есептік көрсеткіш;

4) жалға беру, заем (ипотекалық тұрғын үй заемы шартын қоспағанда), кепілақы, лизинг, мердігерлік шарттарын, неке келісімшарттарын, ортақ меншіктегі мүлікті бөлу, мұрагерлік мүлікті бөлу шарттарын, алименттерді төлеу жөніндегі келісімдерді, құрылтай шарттарын куәландырған кезде – 5 айлық есептік көрсеткіш;

5) ипотекалық тұрғын үй заемы шарттарын куәландырған кезде – 2 айлық есептік көрсеткіш;

6) өсиеттерді куәландырған кезде – 2 айлық есептік көрсеткіш;

7) мұрагерлікке құқық туралы куәлікті бергені үшін – берілген әрбір куәлік үшін 3 айлық есептік көрсеткіш;

8) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске және бірлескен ортақ меншік

- құқығында мүлкі бар өзге де адамдардың меншік құқығы туралы куәлікті берген кезде – 4 айлық есептік көрсеткіш;
- 9) мүлікті пайдалану және иелік ету құқығына сенімхаттарды куәландырған кезде – 2 айлық есептік көрсеткіш;
- 10) сату құқығынсыз автокөлік құралдарын пайдалану және басқару құқығына сенімхаттарды куәландырған кезде – 1 айлық есептік көрсеткіш;
- 11) автокөлік құралдарын сатуға, сыйға тартуға, айырбастауға сенімхаттарды куәландырған кезде – 2 айлық есептік көрсеткіш;
- 12) басқа сенімхаттарды куәландырған кезде:
жеке тұлғалар үшін – 1 айлық есептік көрсеткіш;
заңды тұлғалар үшін – 2 айлық есептік көрсеткіш;
- 13) теңіздік наразылық жасаған кезде – 5 айлық есептік көрсеткіш;
- 14) құжаттардың көшірмелері мен құжаттардың үзінді көшірмелерін куәландырған кезде (әр беті үшін):
жеке тұлғалар үшін – 0,05 айлық есептік көрсеткіш;
заңды тұлғалар үшін – 0,07 айлық есептік көрсеткіш;
- 15) құжаттардағы қойылған қолдың, сондай-ақ құжаттардың бір тілден басқа тілге аудармасының дұрыстығын куәландырған кезде (әрбір құжат үшін):
жеке тұлғалар үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткіш;
заңды тұлғалар үшін – 1 айлық есептік көрсеткіш;
- 16) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға берген кезде – 0,5 айлық есептік көрсеткіш;
- 17) құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін берген кезде – 0,5 айлық есептік көрсеткіш;
- 18) телнұсқаны берген кезде – 2 айлық есептік көрсеткіш;
- 19) банктерде шот ашқан кезде қойылған қолдардың растығын куәландырған кезде (әрбір құжат үшін):
жеке тұлғалар үшін – 0,3 айлық есептік көрсеткіш;
заңды тұлғалар үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткіш;
- 20) жылжымайтын мүліктің кепілзат шарттарын, ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша талап ету құқықтары мен ипотекалық куәліктерді куәландырған кезде – 2 айлық есептік көрсеткіш;
өзге де кепілзат шарттарын куәландырған кезде – 3 айлық есептік көрсеткіш;
- 21) вексель наразылығын жасаған кезде және чектің төленбегенін куәландырған кезде – 1 айлық есептік көрсеткіш;
- 22) құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтаған кезде – әр айға 0,5 айлық есептік көрсеткіш;
- 23) кепілгерлік пен кепілдік шарттарын куәландырған кезде – 1 айлық есептік көрсеткіш;

24) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген басқа да нотариаттық іс-әрекеттерді жасаған кезде – 7 айлық есептік көрсеткіш .

2. Жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтер көрсеткеніне ақы төлеуден мыналар:

1) нотариаттық куәландыруға жататын құжаттың жобасын өздері дайындаған жеке және заңды тұлғалар ;

2) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 542-бабының 4), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген адамдар ;

3) қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарттар мен мүгедектер ;

4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балалар ;

5) 1 және 2-топтағы мүгедектер ;

б) жасына байланысты зейнеткерлер босатылады.»;

23) 31 - бапта :

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

«5. Нотариус қызметін бақылау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

24) мынадай мазмұндағы 31-1-баппен толықтырылсын:

«31-1-бап. Аумақтық нотариаттық палаталардың қызметін бақылау

1. Аумақтық нотариаттық палаталардың қызметін бақылауды «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аумақтық әділет органдары жүзеге асырады .

2. Аумақтық нотариаттық палаталардың:

1) жекеше нотариаттық мұрағаттарды құру, олардың нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларын ұйымдастыру жөніндегі ;

2) жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастыруы жөніндегі ;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың тағылымдамадан өтуін және жекеше нотариустарды оқытуды ұйымдастыру жөніндегі қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асырады .

3. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда аумақтық әділет органы аумақтық нотариаттық палатаға бұзушылықтарды жою туралы

ұсыныс жібереді. Бұзушылықтар белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, аумақтық әділет органы анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жоюға мәжбүр ету туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.»;

2 5) 3 2 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау қағидасын бекітеді;»;

3) т а р м а қ ш а д а :

«келісу арқылы» деген сөздерден кейін «Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен» деген сөздермен толықтырылсын;

«нұсқаулық әзірлейді және бекітеді» деген сөздер «қағиданы бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы «ереже әзірлейді және» деген сөздер «ережені» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Республикалық нотариаттық палатаның келісімі бойынша тағылымдамадан өтушілердің кәсіптік даярлығының бірыңғай бағдарламасын бекітеді;»;

6) тармақшадағы «әзірлеп,» деген сөз алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Жекеше нотариустардың есептік тіркеуден өту қағидасын бекітеді;»;

7-1) тармақша «нотариустардың» деген сөзден кейін «ең аз» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

«14-1) тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекітеді;»;

13), 14) және 15) тармақшалар алып тасталсын;

2 6) 3 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы «мемлекеттік» және «қызметтік» деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы «мемлекеттік» деген сөз алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) нотариустың таңдаған үй-жайының болуын және оның заңнама талаптарына сәйкестігін тексереді және осыдан кейін жекеше нотариустың есепке тұруын тіркеуді жүзеге асырады. Тіркеу нотариустың үй-жайы орналасқан жер бойынша жүзеге асырылады;» ;

1 1) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша «нотариустардың» деген сөзден кейін «ең аз» деген сөздермен толықтырылсын;

3), 7), 8) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

27) 39-баптағы «тәртібі туралы нұсқаулықпен» деген сөздер «қағидаларымен» деген сөзбен ауыстырылсын;

28) 54-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарын куәландыру кезінде нотариус иеліктен шығарылған жылжымайтын объектілер орналасқан жер учаскесінің құқықтық режимін белгілеуге тиіс.

Жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарын куәландыру кезінде нотариус жер учаскесіне құқықты белгілейтін құжаттарды талап етеді және жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) өзіне тиесілі құқықтарын иеліктен шығару жөніндегі өкілеттіктерін айқындайды.

Жер учаскесіне құқықты белгілейтін құжаттар кондоминиум құрамындағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды иеліктен шығарған кезде талап етілмейді.»;

29) 57-баптағы «хабарлама», «хабарламаны» деген сөздер тиісінше «өтініш», «өтінішті» деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 105-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. НАЗАРБАЕВ